



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№ \_\_\_\_\_  
22.11.2022 № 8 \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2022 жылғы 29 қарашадағы  
қаулысы**

**«Уәкілетті орган жүргізетін  
қаңғыбас иттерді аулауды  
ұйымдастыру жөніндегі  
жұмыс және тұрақты  
комиссияның 2022 жылғы  
12 шілдедегі №3  
қаулысының орындалу  
барысы туралы»**

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы уәкілетті орган жүргізетін қаңғыбас иттерді аулауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс және тұрақты комиссияның 2022 жылғы 12 шілдедегі № 3 қаулысының орындалу барысы туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Астана қаласы бойынша иттер мен мысықтарды аулаумен Астана қаласы әкімдігінің «Астана ветсервис» ШЖҚ МКК 4 бригадасы айналысады.

2022 жылдың 11 айында 8 376 қаңғыбас жануарлар ұсталды, оның ішінде иттер – 6 959, мысықтар – 1 417.

Изоляторда 3000-нан астам ит пен 310 мысық бар, ал оның сыйымдылығы 300 ит пен 100 мысықты ұстауға арналған. Изоляторда жануарлар карантиннен және чиптеу процедурасынан өтеді. Иттер мен мысықтарды ұстауға арналған питомникте 380 ит орналастырылған.

11 айда құтыруға қарсы 11 000 ит пен мысық вакцинацияланған, оның ішінде 7 200 ит, 3 800 мысық. 11 айда 8 783 жануарға эхиноккозға қарсы іс-шаралар жасалған.

Астана қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын тәртіпке келтіру мақсатында 2018 жылдан бастап үй жануарларын ұрықсыздандыру және кастрациялау тұрақты негізде қолданылады. Ағымдағы жылға 2 060 жануарды ұрықсыздандыру және кастрациялау жоспарланған.

Иттер мен мысықтарды ұстау және серуендету ережелерін бұзғаны үшін 2022 жылы 2 781 204 теңге сомасына 462 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бүгінгі күні елорда аумағында пилоттық режимде жануарларды есепке алудың «ТАҢБА» бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, ол жануарларды қорғау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ үй жануарлары, олардың иелері, оларға жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы деректерді енгізу мақсатында жануарларға қатысты жауапты қарым-қатынастың ашықтығы үшін құрылған.

Депутаттар иттер мен мысықтарға арналған изолятор мен уақытша қабылдау орындарына барып көрген кезде олардың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 23 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген Жануарларды жануарларға арналған панажайларда, зоологиялық жатынжайларда, жануарларды уақытша ұстау пункттерінде, жануарларға арналған оңалту орталықтарында, зоологиялық питомниктерде, контактiлi зоопарктерде, жылжымалы хайуанаттар бақтарында ұстау қағидаларына сәйкес еместігі анықталды. Жарықтандыру жоқ, жануарлар питомниктен кедергісіз шыға алады, иттер питомник аумағында емін-еркін жүр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Уәкілетті орган жүргізетін қаңғыбас иттерді аулауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс және тұрақты комиссияның 2022 жылғы 12 шілдедегі №3 қаулысының орындалу барысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

мысықтар мен иттерге арналған изоляторда және питомникте жануарларды ұстау шарттарының Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 23 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген Жануарларды жануарларға арналған панажайларда, зоологиялық жатынжайларда, жануарларды уақытша ұстау пункттерінде, жануарларға арналған оңалту орталықтарында, зоологиялық питомниктерде, контактiлi зоопарктерде, жылжымалы хайуанаттар бақтарында ұстау қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 4 желтоқсандағы №806 қаулысымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге бастамашылық жасау;

Астана қаласы әкімдігінің «Астана ветсервис» ШЖҚ МКК қызметіне аудит жүргізу;

қараусыз қалған жануарлардың адамдарға шабуыл жасау жағдайларын болдырмау бойынша жұмыс тобын құру;

қараусыз қалған жануарлардан зардап шегушілер санының артуына байланысты елордада қаңғыбас жануарларды аулау жұмыстарының көлемін ұлғайту мәселесін қарастыру;

қараусыз қалған жануарлардың топтасуын азайту үшін жануарларды ұрықсыздандыру бойынша шаралар қабылдау, қаланың ветеринариялық клиникаларына жүгінген кезде жануарлардың иелерімен кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

жануарларды күту үшін еріктілердің тартылуына байланысты аса қауіпті инфекциялар (құтыру) жұқтыру қаупі жоғары адамдарды анықтау және иммундау туралы ұсыныс енгізу;

жануарлардың изолятор мен питомник аумағынан іргелес көшелерге еркін шығуына жол бермеу, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында изолятор мен питомникті бейнекамералармен жабдықтау жөнінде шаралар қабылдау;

«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңды орындау үшін үй жануарларын міндетті есепке алу, жеке нөмір беру және ұрықсыздандыру бойынша іс-шаралар жүргізу;

балаларға антирабиялық көмек көрсету бойынша қала аудандарында травматологиялық пункттер ашу мүмкіндігін қарастыру;

қараусыз қалған жануарлармен жұмыс істеу бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік, сауда және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**Б. Котырев**